

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шығыс Қазақстан облысы

№310

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі, 09.04.2021 жылғы №147 бұйрығы және ережесі негізінде әрекет ететін Бастықтың орынбасары Петухов Александр Сергеевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын БАЙ, ТАЛОН № KZ80TWQ01120314, 23.06.2020 ж. негізінде әрекет ететін Басшысы Толенов Жандос Чапранович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2021-06-30» жыл № 5998530-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 001-015-149 Автомобиль бөлшектерін сатып алу;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 3 435 000.00 (үш миллион төрт жүз отыз бес мың тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 3 435 000.00 (үш миллион төрт жүз отыз бес мың тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2021 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.



2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 103 050.00 ((жүз үш мың елу тенге нөл тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 103 050.00 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ, № ККМФКЗ2А , KZ550705022521501001 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен



бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттың Уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары тек құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жанағасына ауыстырады.



6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары



8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.



10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.



12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Шығыс Қазақстан облысының
Полиция департаменті" мемлекеттік
мекемесі
Восточно-Казахстанская область, г.Усть-
Каменогорск, Проспект Шакарим, 1
БСН 940640000511
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ48070102KSN1801000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 234385
Бастықтың орынбасары Петухов
Александр Сергеевич

Өнім беруші:

БАЙ
Восточно-Казахстанская область,
Уланский район, с.Касыма Кайсенова,
УЛИЦА Нуржау, 15
БСН/ЖСН 781105300639
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ086010151000413991
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 77774119559
Басшысы Толенов Жандос Чапранович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 5998530-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-015-149 : Өзге де қорларды сатып алу						Автомобиль бөлшектерін сатып алу						
39694505-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Компрессор	жүк автомобилінің салқындатқышы үшін	Skoda Octavia кондиционеріне арналған компрессор	Дана	2	65 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	130 000.00
44814189-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Тарату білігі	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid үшін қабылдау білігі	Дана	5	20 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (5)	0	100 000.00



44815199-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Іінді білік тегершігі	жеңіл автомобиль үшін	Toyota Camry үшін иінді білік шығыры	Дана	2	18 200.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	36 400.00
44815149-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Басты беріліс	жеңіл автомобиль үшін	Шевролет Крузга арналған негізгі беріліс	Дана	3	29 900.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	89 700.00
44814569-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Басқару блогы	электр қозғалыштарға арналған	Skoda Rapid үшін жайлылық жүйелерін басқару блогы	Дана	1	77 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	77 000.00
39677788-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Амортизатор	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia үшін артқы газ амортизаторы	Дана	12	7 500.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (12)	0	90 000.00



44815105-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Басқару бағанасы	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia үшін рульдік тіреу тірегі	Комплект	1	36 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	36 000.00
44814502-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Сермер	ішкі жану қозғалтқышына арналған	Шкода Рапидіне арналған ұшқыш	Дана	2	45 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	90 000.00
39699785-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Меңгерік төрткілдеші	жеңіл автомобиль үшін	Меңгерік төрткілдеші Шевролет Круз үшін	Дана	2	65 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	130 000.00
44814735-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Тарау білігі	жеңіл автомобиль үшін	Шевролет Крузға арналған қозғалтқыштың білігі	Дана	4	20 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (4)	0	80 000.00



39700026-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Шан	жеңіл автомобиль үшін	Chevrolet Cruze үшін отын бағі	Дана	1	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	100 000.00
44815241-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Коллектор	трактор техникасы үшін	Toyota Camry үшін көп қабатты жылу қорғағыш	Дана	2	43 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	86 000.00
44815130-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Стартер-генератор	жеңіл автомобиль үшін	Toyota Camry үшін генератор	Дана	2	45 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	90 000.00
44815082-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Аспа тірегінің төлкесі	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia үшін солға ілулі	Дана	6	11 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (6)	0	66 000.00



44815215-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Бүгілмелі білік	жеңіл автомобиль үшін	Toyota Camry үшін Бүгілмелі білік	Дана	1	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	100 000.00
44813915-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Шан	мотоциклге арналған, отындық	Skoda Rapid үшін отын бағы	Дана	2	49 500.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	99 000.00
44813144-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Меңгерік төрткілдеші	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid үшін рульдік гартқыштар мен антерлермен бірге рульдік рельс	Комплект	2	60 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	120 000.00
39696030-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Блок	автобуска арналған	Chevrolet Cruze қозғалтқышын басқару блогы	Дана	3	50 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	150 000.00



44814992-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Сермер	ішкі жану қозғалтқышына арналған	Шевролет Крузға арналған ұшқыш	Дана	2	46 200.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	92 400.00
44813384-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Ілініспе дискісі	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid жинағына арналған ілінісу жинағы	Комплект	1	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	100 000.00
44815198-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Тарату білігі	жеңіл автомобиль үшін	Шевролет Круз үшін бастапқы білік	Дана	2	36 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	72 000.00
44814659-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Арнайыланған шарғы	жеңіл автомобиль үшін	Chevrolet Cruz чипі бар тұтану катушқасы	Комплект	5	19 500.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (5)	0	97 500.00



44814332-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Қартердің тұлқоймасы	инжекторлық қозғалтқыш үшін, жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid үшін май науасы	Дана	2	50 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	100 000.00
39677814-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Қардан білігі	жеңіл автомобиль үшін	Қардан білігі Шкода Октавия үшін	Дана	1	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	100 000.00
44815000-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Дифференциал	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia үшін дифференциалды құрастыру	Комплект	2	67 500.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	135 000.00
39694317-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Қартердің тұлқоймасы	инжекторлық қозғалтқыш үшін, жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia-ға арналған май табағының қақпағы	Дана	3	45 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	135 000.00



44814907-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	таратқыш қорабы	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia-ға арналған тозандатқыштармен жабдықталған білік	Комплект	3	38 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	114 000.00
39714102-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Тұрақтандырғыш төлкесі	жеңіл автомобиль үшін	Chevrolet Cruze-re арналған прокатқа қарсы жолақ	Дана	3	35 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	105 000.00
39693977-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Ілініспе дискісі	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Octavia үшін ілінісу жиынтығы	Комплект	3	49 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	147 000.00
44813783-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Стартер-генератор	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid үшін 12 V стартері	Дана	3	35 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	105 000.00



39712683-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Бүгілмелі білік	жеңіл автомобиль үшін	Бүгілмелі білік Шевролет Круз үшін	Дана	3	40 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Шәкәрім 1 (3)	0	120 000.00
44814435-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Құралдар мен жабдықтардың қосалқы бөлшектер жиынтығы	жеңіл автомобильдің газтарту механизміне арналған	Skoda Rapid үшін уақыт фазаларын өзгерту механизмінің корпусы	Дана	2	40 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	80 000.00
39694038-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Білік тістегершігі	жеңіл автомобиль үшін	Білік тістегершігі Шкода Октавия үшін	Дана	6	7 500.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (6)	0	45 000.00
44813509-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Амортизатор	жеңіл автомобиль үшін	Chevrolet Cruze үшін алдыңғы он жақ амортизатор	Дана	10	10 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (10)	0	100 000.00



44813507-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Стартер-генератор	жеңіл автомобиль үшін	Skoda Rapid үшін 14 V генераторы	Дана	3	39 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	117 000.00
---------------	---	-------------------	-----------------------	----------------------------------	------	---	-----------	--	--	--	---	------------



Договор о государственных закупках товаров

Восточно-Казахстанская область

№310

Государственное учреждение "Департамент полиции Восточно-Казахстанской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель начальника Петухов Александр Сергеевич, действующий на основании Положение и приказ №147 от 09.04.2021 года, с одной стороны и БАЙ, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Толенов Жандос Чапранович, действующий на основании ТАЛОНА № KZ80TWQ01120314, 23.06.2020 г., с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2021-06-30 года № 5998530-3ЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 001-015-149 Приобретение автозапчастей;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 3 435 000.00 (три миллиона четыреста тридцать пять тысяч тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

